



«Бекітемін»

Мектеп директоры

С.А. Сағындыкова

01 2024ж

«Қостомар ауылының жалпы орта мектебі» КММ
Педагог - психологтың 2023-2024 оқу жылының қаңтар айына арналған
жұмыс жоспары

№	Жұмыс мазмұны	Қолданылатын әдіс – тәсілдер	Сынып	Мерзімі	Жауапты
1	«Стресс-тест»	Қорытынды аттестаттауға психологиялық тұрғыда көмектесу	9- сынып	Қаңтар	Бердалиева.Б.Р
2	«Сенімділік күш береді» тренинг сабақ	Қорытынды аттестаттауға психологиялық тұрғыда көмектесу	10-сынып	Қаңтар	Бердалиева.Б.Р
3	Жасөспірімнің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Интернет-тәуелділік қалыптасуының алдын алу бойынша түзету-ағарту шаралар.	Ата-анамен жұмыс	5-10 сынып ата-аналары	Қаңтар	Бердалиева.Б.Р
4	Қауіпсіз интернет тақырыбында жадынама тарату. Буллинг, кибербуллинг	Қауіпсіз интернет бойынша жұмыс	5-10сынып	Қаңтар	Бердалиева.Б.Р

Педагог-психолог:  Бердалиева.Б.Р

Жәбірлеу, буллинг алдын алу бойынша бірлескен шаралардың

хаттамасы

Жәбірлеу, буллингтің алдын алу бойынша психологиялық қызметтің алдын алу-ағартушылық, кеңес беру жұмыс бағыты аясында мектеп оқушыларымен лекция өткізіліп, әңгімелер жүргізілді.

Мақсаты: Буллинг/кибербуллинг жағдайларын уақтылы анықтау,

зорлық-зомбылықты, өзін-өзі бұзатын мінез-құлықты болдырмау

Өткізілген күні:

08.01.2024ж. 7 сынып оқушылары

Жұмыс бағыты: Алдын алу-ағартушылық жұмыс, кеңес беру.

Жұмыс түрі: лекция, әңгіме

Жүргізілу барысы:

7- сынып оқушыларына презентация таныстырылып, төменгі мәселелер туралы айтылды.

Буллинг дегеніміз не?

Біреу сені қорқытып, қорлап жүрген жағдайда не істеу керек?

Егер сен өзін біреуді қорлап жүрген болсаң ше?

Неліктен адамдар бір-бірін қорлап, қиянат жасайды?

Ол: адамды мазақтау, қорлау, соқтығысу, оның ақшасын не басқа заттарын тартып алу, оларды бүлдіру, сол жайында өсек тарату, оны елемеу немесе шеттетуге, ренжітетін, жаман әзіл айтып, басқа адамдардың алдында ыңғайсыз жағдайға қою, ұрып-соғу, тепкілеу, итеру немесе басқаша зақым келтіру, қоқан-лоқы көрсету немесе қорқыту екендігі айтылды.

Буллинг онлайн немесе телефон арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Олардың қатарына ренішті хабарламалар мен суреттер, зұлым мінеп-сынаулар жіберу жатады. Бұлардың барлығы кибербуллинг деп аталады.

Буллинг қандай жағдайларға әкеліп тіреуі мүмкін?

Уайымдау, ұйқының бұзылуы, тәбеттің болмауы, өзі жайлы жаман ойлау, өз-өзіне физикалық зақым келтіру, сабақ үлгерімдерінің нашарлауы, ауыру, «маған ешкім көмектесе алмайды» деп ойлау, өзін жалғыз сезіну, уайымға берілу не ашулану, қорқу болуы мүмкін.

Егер сен өзін біреуді қорлап жүрген болсаң ше?

Қандай себеп болмасын, қорлау – қашан да жаман қылық. Әдетте біреуді қорлап жүрген адамның өзінің психологиялық тұрғыдан бірқатар мәселелері болуы мүмкін.

- басқаларды көре алмайды немесе қызғанады
- басқаларға ұнағысы келеді
- өзін басқаларға қарағанда жоғары екенін сезінгісі келеді
- буллинг сенің достарыңның, отбасыңның, мектептегі балалардың немесе бөтен адамдардың тарапынан болуы мүмкін, қалай болған жағдайда да, ол дұрыс емес және бұлай болуға тиіс емес ешкімнің сені қорлауға құқы жоқ
- буллингті тоқтатуға және өзінді бағалауға үйренуге болады

Сен әрдайым 111 сенім телефонына, мектеп психологіне, педагогтар көмегіне сүйенуге болады деп есткертілді.



Ұсыныс: Мектеп оқушылары арасында буллинг, кибербуллингтің алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстарын жүргізу. Оқушылар арасындағы психологиялық ахуалды бақылауда ұстау.



Қортынды: Жасөспірімдер өміріндегі буллинг, кибербуллинг пен қорқыту, мектептегі буллингті анықтауға және алдын алуға байланысты 7 сұрақтан тұратын сауалнамаға 7- сыныптардан 133 оқушы қамтылды, оқушылардың буллинг туралы түсініктері тексерілді. Сауалнама нәтижесі бойынша оқушылардың жауаптары сараланып нәтижесі шығарылды. Мектеп бойынша оқушылар тарапынан буллингке ұшыраған оқушылар анықталмады. .

Мектеп психологтары: Бердалиева.Б.Р *В.П.*

Қыз бала тәрбиесі- ұлт тәрбиесі Анықтама.

Тақырыбы: Қыз бала тәрбиесі- ұлт тәрбиесі (дөңгелек үстел)


Бүгінгі дөңгелек үстеліміздің мақсаты: Қазақ халқының әдет-ғұрып,салт-дәстүрлерін қыз баланың бойына сіңіре отырып,қыз балаға келешекте ана алдында қоғамның, елдің, ұлттың тыныс-тіршілігі барысындағы үлкен жауапкершіліктің тұрғандығын сезіндіре отырып,әдепті,сыпайы, адамгершілігі мол, білімді, жан-жақты жетілген қыз бала тәрбиелеу.

Мектеп педагог-психолог: Бердалиева.Б.Р

Құрметті қонақтар, ұстаздар,мектеп оқушылары бүгінгі «Қыз баланың тәрбиесі-ұлттың тәрбиесі» атты дөңгелек үстелге қош келдіңіздер!

Жарық пен жылу,от пен суық жоқ жерде тіршілік те жоқ.Ал осылардың көктегі көзі – күн болса, жердегі көзі-адамзат. Адамдардың бір-біріне мейірімі мен ұлағатты тәрбиесі тіршілікті сақтайды.Тәрбиесі түзелмей, елдің көсегесі көгермейді,отбасы түзелмей,болашақ түзелмейді.

Бүгінгі дөңгелек үстеліміздің мақсаты: Қазақ халқының әдет-ғұрып,салт-дәстүрлерін қыз баланың бойына сіңіре отырып,қыз балаға келешекте ана алдында қоғамның, елдің, ұлттың тыныс-тіршілігі барысындағы үлкен жауапкершіліктің тұрғандығын сезіндіре отырып,әдепті,сыпайы, адамгершілігі мол, білімді, жан-жақты жетілген қыз бала тәрбиелеу.




Мектеп ДТЖО – Асанбаева.Р.Б

Қазіргі заман қыз бала тәрбиесіне ерекше мән беруді қажет етеді. Себебі, қыз баланы тәрбиелеу деген сөз-ұлтты тәрбиелеу деген сөз. Әр елдің өміріндегі шешуші кілт қыздарға берілетін тәлім-тәрбие арқылы өлшенеді.

Біздің халқымызда «Қыз» деген сөзді әдеміліктің, әдептіліктің, жан-жақты сұлулықтың символы ретінде қолданады.

Бесігінде жақсы тәрбие алған,үлгі-өнеге көрген қыз бала болашақта да сол әдебін сақтамақ. Ұлы ғұлама Бауыржан Момышұлының келіні Зейнеп Ахметова «Қыз баланың мына өмірдегі міндет-парызының жүгі ауыр,әрі ардақты. Ол-адамзат ұрпағын өмірге әкелетін болашақ ана,үй ұстап,жар күтетін адал жар,ата-ене сыйлап,иілетін қамқор келін. Ол осыны қаласын қаламастан, бұл-өмір заңы»-деген. Назарымызды интерактивті тақтаға аударайық. Видеоролик

Сол әдепті,инабатты,адамгершілігі мол,сыпайы қыздарды тәрбиелеу-бүгінгі мектептің,қоғамның және ата-ананың негізгі міндеті екенін естен шығармағанымыз жөн.



Мектеп медбикеге: Кадырова. А.Г

1. Ерте жүктілік деген не?
2. Ерте жүктілік немен қауіпті?
3. Ерте жүктіліктен қалай сақтануға болады?
4. Не себепті ерте жүкті болып жатыр?
5. Жасөспірім қыз алғаш рет гинекологқа қай жастан барып қаралуы қажет?

Мектеп психологы: Бердалиева.Б.Р Қалай десекте жас ұрпаққа жыныстық тәрбие беру мәселесі әлі де нақты шешімін таппай отыр. Қоғамымыздың орыс тілі өкілдері «Бұл дұрыс, жастар ерте бастан мұндай іске барады, мұны біледі екен, онда қорғансын» деген шешімге де келген. Бірақ қазақ қоғамына бұл қаншалықты керек. Апа-әжелеріміз, әпкелеріміз жыныстық тәрбие дегенді естімей – ақ адал, пәк қалпын сақтаған еді. Бәлкім мұндағы мәселе тәрбие де емес, дұрыс тыйым салуда болар. Қалай ойлайсыз?

Енді өз қыздарымыздың айтар сөзін тыңдасақ.

1. «Қыздың жолы жіңішке» 9 а
2. «Қызға қырық үйден тыю» 9 ә
3. «Қыз-ұлт мақтанышы...» 10 а
4. «Орта түзер ойыңды, ойың түзер- бойыңды» 10 а

Қорытынды: Мектеп педагог-психолог: Бердалиева.Б.Р «Қыз» – ең қасиетті сөз. Қасиетті болатыны, бүкіл адамзат қыздан тарайды: қыз келін болады, келін анаға айналады, ал ана әже деген зор дәрежеге жетеді. Осы үшеуі арқылы ұрпақ өсіріп, ұлт қатарын көбейтеді. Ұлттың бойындағы бар жақсы қасиеттерді-тілін, дінін, әдет ғұрпын, салт санасын, дәстүрін немересіне, немересінен шөбересіне жеткізуші, дамытушы әрине, әйел-ана. Тіліміздің өзін ана тілі деп атауы-аналарға көп жүк артады. Ана-барлық өмірдің бастауы. Сондықтан ертеңгі ана, бүгінгі қыздарымызды тәрбиелеу ананың және біршама қауымның міндеті.

Қыздар! Өздеріңді алақанға салып әлпештеп отырған осынау бір елімізге адал перзент, асыл азамат боламын десендер, еңбекшіл болыңдар! Тәуелсіз еліміздің ертеңгі тұтқасы – сендерсіңдер!

**"Сенімділік күш береді" тақырыбында 10"А" сынып
оқушыларымен мектеп психологы:Б.РБердалиева тренинг
өткізді.**

Мақсаты: Оқушылардың дайындық кезіндегі сенімділігін, мінез-құлық, эмоциялық ерік сфера дағдысын психологиялық тұрғыда қалыптастыру;

Оқу танымдық қабілеттерін, есте сақтау, зейіндерін дамыту, өз өзіне сенімділіктерін жоғарылату;

Стресске қарсы тұра білуге тәрбиелеу;

Сабақ түрі: тренинг-сабағы

Көрнекіліктер: ереже, ББЖ тапсыру кезіндегі ең қажетті сапа, ақ парак, «Стресс тесті», жаттығуларға қажетті құрал- жабдықтар

Сабақ барысы:



I. Ұйымдастыру кезеңі

1. Сабақтың тақырыбы мен ережелерімен таныстыру.

Балалар бүгін бізде «Сенімділік күш береді» атты тренинг сабақ өтеді. Сабағымызды бастамас бұрын, алдымен тренинг ережелерімен танысып алайық.

Ереже: Белсенді қатысу; Тыныштық сақтау; Бірін-бірі тыңдау, Ойын ашық айту; Бір-бірін сынамау; Ұнтымақтылық;

II. Амандасу. жаттығуы арқылы



Алақанымызды 1 рет соққанда сіздер қасыңыздағы отырған адаммен маңдайларыңды түйстіресіздер. Белгі беріліп алақанды 2 рет соққанда бір-біріне арқаларыңды түйістіру қажет.

Рефлексия: Сіздер қандай сезімдесіздер? Қандай әсер алдыңыздар?

Балалар, біздің алдымызда үлкен сын тұр. Ол ББЖ. ББЖ-тан жақсы сүрінбей өту үшін бізге не қажет?

Жақсы, енді мына тақтада тұрған сапаларды хормен оқып шығайық.

ББЖ тапсыру кезіндегі ең қажетті сапа:

- Бір істен тез екіншіге ауысып кету;
- Іс-әрекеттің жоғары деңгейде ұйымдастырылуы;
- Жоғары және тұрақты жұмыс қабілеті;
- Жоғары деңгейлі зейін тұрақтылығы;
- Ішкі әрекет жоспарының қалыптатылығы;


III. Жаттығу «Ақ парақтың екі бөлігі»



Алдарыңыздағы қағазды екі бөлікке бөліп, оң жақ бұрышына + белгісін, сол жақ бұрышына «-» белгісін белгілеңіздер. Енді + белгісі бар бөлікке өздеріңіздің МАБ-қа байланысты жағымды, жылы, сенімді ойларыңызды жазыңыздар. Ал – белгісіне бар бөлікке сенімсіз, жағымсыз ойларыңызды жазыңыздар. Осы екі жақта жазылған ойды, зейін қойып оқып шығамыз.

- Енді осы теріс жағдайлардан арылғымыз келе ме? Не үшін? Не себепті? -
Онда – жақтағы жағымсыз ойды умаждап, қоқыс шелекке тастаймыз.

IV. Жаттығу «Сілкіп таста»



Мен сендерге жағымсыз, сенімсіз сезімдерден арылып, өзіңізді қалыпқа келтірудің жолын көрсетемін. Кейде біз көп күшімізді алатын ауырлықтарды көтереміз. Мысалы, Ойымызға! Тағы да жолым болмай қалды. ББЖ-ға жақсы дайындала алмаймын, жақсы тапсыра алмаймын, көп қате жіберіп екі аламын» деген сияқты ойлар келеді.

Айналамызға орын қалдырып, еркін тұры

Сабақты қорытындылау: Өмірдегі кез-келген қиыншылық адамға тәжірибе алу үшін және жеке бастың жетілуі үшін келеді. Әр нәрседен адам сабақ алып, одан да жақсырақ, мықтырақ және ақылдырақ бола алады.

Сабақтан алған асерлерімен бөлісу: Не үйрендім? Қандай сабақ алдым?

(Оқушылар өз пікірлерін стикерге жазып жабыстыру)

Бердашева Б.Р. БМ

Анықтама.

Тақырыбы: Кибербуллинг қауіпсіздікті қалай қамтамасыз етуге болады.

Мақсаты: Кибербуллинг қауіпсіздікті қалай қамтамасыз етуге болатынын анықтап, көрсету. Кибербуллинг кибербуллинг - бұл цифрлық технологияларды пайдалана отырып қорқыту және қинау. Ол әлеуметтік медиада, хабарлама алмасу үш қосымшаларда, ойын платформаларында және ұялы телефондарда орын алуы мүмкін.

Бұл қайталанатын эпизодтар, олардың мақсаты - аңдып жүргендерді қорқыту, ашу немесе қорлау. Қорқыту балалар үшін зиянды және ұзақ мерзімді салдары болуы мүмкін.

Физикалық салдардан басқа (үйқының бұзылуы, бас ауруы) балалар эмоционалды және психикалық денсаулықты, оның ішінде депрессия мен мазасыздықты сезінуі мүмкін, бұл мектептің нашар үлгеруіне әкелуі мүмкін.

Баланың киберқауіппен айналысып жатқанын қалай тануға болады

Ұсыныс: Балаларға арналған кеңестер

Желіде болған кезде сыпайы және мейірімді болыңыз. Өз құрдастарына оларға жағымды хабарламалар, күлімсіреу немесе жоғары бестік белгісін жіберу арқылы қолдау көрсетіңіз

Сіз хабарламаны, фотосуретті немесе бейнені бөліскеннен кейін, оған не болатынын бақылау қиын. Бұл әрекетті қайтару мүмкін емес.

Сіз де басқалар сияқты құпиялылыққа құқығыңыз бар екенін ұмытпаңыз. Сіз басқа адамдардың есептік жазбаларына кіре алмайсыз немесе олардың телефондарын олардың рұқсатынсыз пайдалана алмайсыз.



«Интернеттегі қудалау деген не?», «Ол адамға қалай әсер етеді?», «Оның қалай алдын алуға болады?». Unicef.org сайты ЮНИСЕФ мамандары, интернет-қудалау және балаларды қорғау мәселелері жөніндегі халықаралық сарапшылары, сондай-ақ Facebook, Instagram және Twitter компаниялары қызметкерлерінен осы сұрақтарға жауап алды.

Кибербуллинг дегеніміз не?

Кибербуллинг - бұл сандық технологияны қолдану арқылы қорқыту және қудалау. Ол әлеуметтік желілерде, хабар алмасу қосымшаларында, ойын платформаларында және ұялы телефондарда болуы мүмкін. Оның мақсаты қудаланғандарды қорқыту, ашуландыру немесе масқаралау. Мысалы:


- жалған ақпарат тарату немесе әлеуметтік желілерде біреудің әдепсіз фотосуреттерін орналастыру;
- хабар алмасу платформалары арқылы хабарламалар жіберу;
- басқа адамның атынан әдепсіз хабарламалар жіберу.

Шын өмірде қудалау мен кибербуллинг көбіне бір уақытта болуы мүмкін.

Осы материалда интернеттегі қудалау туралы 5 маңызды сұраққа жауап береміз:

1. Мені интернетте не мазалайтынын қалай түсінуге болады? Әзілді шын қудалаудан қалай ажыратамын?
2. Интернеттегі қудалау адамға қалай әсер етеді?
3. Егер біреу мені интернет арқылы қудалап жүрсе, кімнің көмегіне жүгінуім керек? Неліктен қудалау жағдайлары туралы хабарлау маңызды?
4. Интернет-қудалауға ұшырап жүрмін, алайда ата-анаммен бұл туралы сөйлесуге қорқамын. Олардан қалай көмек сұраймын?

5. Интернет-кудалауға ұшырап жүрген, бірақ ол туралы айтқысы келмейтін достарыма қалай көмектесе аламын?



Қорытырды: Жалып түсінгенім кибербуллинг - бұл цифрлық технологиялар көмегімен қорқыту балалардың психикасын бұзу деп есептеймін. Бұл әлеуметтік медиада, хабарлама алмасу бағдарламаларында, ойын платформаларында және ұялы телефондарда орын алуы мүмкін. Бұл қайталанатын эпизодтардың мақсаты деп білемін. Бұл жас өспірімдерді қорқыту немесе қорлау болып саналады. Кибербуллинг балаларға ұзақ мерзімде жүргізілетін процес. Бұл жас өспірімдердің физикалық салдарынан немесе басқа да (ұйқының бұзылуы, бас ауруы) балалар эмоционалды және психикалық оның ішінде депрессия мен мазасыздықты сезінуі болып табылады. Бұл мектептегі үлгерімді төмендетуі мүмкін. Қазір балалар мен жасөспірімдер интернетте көп уақыт өткізеді. Әр оқушыға түсіндірмелер жүргізілді. Оқушылар жақсы қабылданды.

Педагог-психолог:  Бердалиева.Б.Р

Мектептегі БУЛЛИНГ деген не? Одан қалай қорғануға болады?

хаттамасы

Жәбірлеу, кибербуллингтің алдын алу бойынша психологиялық қызметтің алдын алу-ағартушылық, кеңес беру жұмыс бағыты аясында мектеп оқушыларымен лекция өткізіліп, әңгімелер жүргізілді.

Мақсаты: Буллинг деген не?

Буллинг – бұл қорлау, бір адамға екінші немесе бір топ адамдар тарапынан агрессивті түрде қысым көрсету.

Осы аптада Буллингтың проблемасы туралы іс-шара өткізілді.

Педагог-психолог пен әлеуметтік педагог бірлесіп 8-сынып оқушыларымен дөңгелек үстел өткізді. Күнделікті өмірдегі буллинг мәселесін талқыланды.

зорлық-зомбылықты, өзін-өзі бұзатын мінез-құлықты болдырмау

Өткізілген күні:

26.01. 2024ж. 9 сынып оқушылары

Жұмыс бағыты: Алдын алу-ағартушылық жұмыс, кеңес беру сауалнама алынды.

Жұмыс түрі: лекция, әңгіме

Жүргізілу барысы:

9- сынып оқушыларына презентация таныстырылып, төменгі мәселелер туралы айтылды.

Буллинг дегеніміз не?

Біреу сені қорқытып, қорлап жүрген жағдайда не істеу керек?

Егер сен өзің біреуді қорлап жүрген болсаң ше?

Неліктен адамдар бір-бірін қорлап, қиянат жасайды?

Ол: адамды мазақтау, қорлау, соқтығысу, оның ақшасын не басқа заттарын тартып алу, оларды бүлдіру, сол жайында өсек тарату, оны елемей немесе шеттеті, ренжітетін, жаман әзіл айтып, басқа адамдардың алдында ыңғайсыз жағдайға қою, ұрып-соғу, тепкілеу, итеру немесе басқаша зақым келтіру, қоқан-лоқы көрсету немесе қорқыту екендігі айтылды.

Буллинг онлайн немесе телефон арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Олардың қатарына ренішті хабарламалар мен суреттер, зұлым мінеп-сынаулар жіберу жатады. Бұлардың барлығы кибербуллинг деп аталады.

Буллинг қандай жағдайларға әкеліп тіреуі мүмкін?


Уайымдау, ұйқының бұзылуы, тәбеттің болмауы, өзі жайлы жаман ойлау, өз-өзіне физикалық зақым келтіру, сабақ үлгерімдерінің нашарлауы, ауыру, «маған ешкім көмектесе алмайды» деп ойлау, өзін жалғыз сезіну, уайымға берілу не ашулану, қорқу болуы мүмкін.

Егер сен өзің біреуді қорлап жүрген болсаң ше?

Қандай себеп болмасын, қорлау – қашан да жаман қылық. Әдетте біреуді қорлап жүрген адамның өзінің психологиялық тұрғыдан бірқатар мәселелері болуы мүмкін.

- басқаларды көре алмайды немесе қызғанады
- басқаларға ұнағысы келеді
- өзін басқаларға қарағанда жоғары екенін сезінгісі келеді

- буллинг сенің достарыңның, отбасыңның, мектептегі балалардың немесе бөтен адамдардың тарапынан болуы мүмкін, қалай болған жағдайда да, ол дұрыс емес және бұлай болуға тиіс емес ешкімнің сені қорлауға құқы жоқ
 - буллингті тоқтатуға және өзінді бағалауға үйренуге болады
- Сен әрдайым 111 сенім телефонына, мектеп психологіне, педагогтар көмегіне сүйенуге болады деп есті.



Мектеп психолог: Бердалиева.Б.Р

64

“Біз әртүрліміз, бірақ біргеміз” тақырыбында психологиялық тренинг ДОСБОЛЛИКЕ I “Достық қолын ұсынған і” акциясы аясында.

“Қостомар ауылының жалпы орта мектебі” КММ-де мектеп психологы Б.Бердалиева жоспарына сай 4 - сынып оқушыларымен “Біз әртүрліміз, бірақ біргеміз” тақырыбында психологиялық тренинг жүргізілді. Сыныптағы психологиялық климатты жақсарту, оқушылар арасындағы позитивті қарым-қатынасты дамыту және сынып ішіндегі ұйымшылдық пен бірліктің маңызын түсіндіру мақсатында жүргізілген тренинг барысында “Лента”, “Ыстық орындық”, “Балалық шақтан естеліктер”, “Кедергілерден өту”, “Дос іздеймін” ойындары ойнатылып, балалар қызыға қатысып, жоғарғы көңіл-күйде болды.

Сабақтың көрнекілігі: түрлі-түсті қалам, А4, А3, фломастер, суреттер, пазл, қобдиша, түймедақ гүлі, жіп орамы, орындық, стикер.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі

1. Психологиялық ахуал құру



Айнала қоршаған адамдарға кешіріммен, түсінушілікпен, ізгілікпен қарауға үйрету. Жасаған әрекеттеріне жауапкершілікпен, қасындағы адамдарға шыдамдылықпен қарауға тәрбиелеу. Ата-ана мен бала арасындағы байланысты күшейту, оқушыларды инабаттылыққа, тәртіптілікке шақыру. Ұжымдық, достық қарым-қатынасты қалыптастыру.



4-сынып Шараның екінші бөлімінде тренинг ұйымдастырылып, өз нәтижесіне жетті. Оқушылар көп ой түйгендерін, қызықты болғанын айтты. Шара соңында оқушылардың ойларын дамытуға арналған естелік сыйлықтар табыстады. Бос уақыттарын тиімді өткізуге шақырды. Көңіл-күйін игере білуге және басқаруға, қадағалауға, дұрыс бағалай білуге тәрбиелеу. Алдарындағы бланкіге өз көңіл-күйлерінді суреттеп салындар. Жеке тұлғаны дамыту, танымдық ауқымын кеңейту; балалардың шығармашылығын дамыту, белсенділігін, іскерлігін арттыр



Барлығымыз орынымыздан тұрып бір бірімізбен қол беру арқылы, құшақтасып, оң нықпен, сол нықпен, оң аяқпен, сол аяқпен, оң тіземен, сол тіземен, балалық еркелікті еске алып мұрын ұшымен сәлемдесеміз.



Қорытынды: оқушылар ең бастысы сүйе білу керек. Қайырымды болу-ол еліне, табиғатқа, адам баласына деген махаббаттан басталады. Әр уақытта жақсы сөз айтуға, қайырымды іс жасауға бейім болу. Әр уақытта қасыңыздағы баланың пікірін, не қажет ететінін тыңдай біліңіз. Ерік беріңіз. Шыдамды бола біліңіз. Оның ісін бағалаңыз. Жасаған қателігін көре тұра, оған сенетініңізді білдіріңіз. Күлімдеп, қасында бірге болуға көңіл бөліңіз аттығу аяқталғаннан кейін рахмет айтып, алған әсерлерімен бөлісу керек.

жасөспірімдер өміріндегі буллинг, кибербуллинг пен қорқыту» «Мектептегі буллинг» туралы сауалнама

«Қостомар ауылының жалпы орта мектебінің » КММ 8-сыныптар арасында жүргізілген «Жасөспірімдер өміріндегі буллинг, кибербуллинг пен қорқыту», «Мектептегі буллинг» туралы сауалнаманың қорытындысы

Мерзімі: 19.01.2024ж

Зерттеудің мақсаты: жасөспірімдер өміріндегі буллинг, кибербуллинг пен қорқыту, мектептегі буллинкті анықтау және алдын алу

Зерттеуге қатысқан сынып: 8- сынып оқушылары

Зерттеуге қатысқан оқушы саны: 12 оқушы

Зерттеудің түрі: сауалнама

Зерттеуді жүргізуші мектеп психологы Б.Р.Бердалиева.

Ескерту: Сауалнама жасырын түрде алынды, оқушыларға ешқандай қысым, қорқыныш көрсетілген жоқ.

Зерттеудің барысы:

8- сынып оқушыларының арасында жасөспірімдер өміріндегі буллинг, кибербуллинг пен қорқыту, мектептегі буллинкті анықтауға және алдын алуға байланысты 7 сұрақтан тұратын сауалнама парағы таратылып берілді. Әр оқушыға сауалнаманы мұқият оқып, сұрақтарға жауап беру тапсырылды.

Зерттеудің нәтижесінде:

Оқушылар саны	12	Сіз буллингке тап болдыңыз ба?	Егер тап болсаңыз кіменек кемек сұрайсыз?	Интернетте сізді қудалаған кездер болды ма?
Оқушылар саны	12	0	Ата -анамнан	0
Оқушылар саны	12	Желіде біреуді қорладыңыз ба?	Сіздің ойыңызша сіздің құрдастарыңыз неліктен кибербұзушылық жасайды?	оның арқасын, не басқа заттарын тартып алу, оларды бұздыру
Оқушылар саны	12	0	0	0

Жасөспірімдер өміріндегі буллинг, кибербуллинг пен қорқыту, мектептегі буллинкті анықтауға және алдын алуға байланысты 7 сұрақтан тұратын сауалнамаға 8-сыныптардан 12 оқушы қамтылды, оқушылардың буллинг, кибербуллинг туралы түсініктері тексерілді. Сауалнама нәтижесі бойынша оқушылардың жауаптары сараланып нәтижесі шығарылды. Мектеп бойынша оқушылар тарапынан буллингке, кибербуллингке ұшыраған оқушылар анықталмады.



Ұсыныс: Мектеп оқушылары арасында буллинг, кибербуллингтің алдын алу мақсатында Оқушыларға кибербуллинг туралы мағлұмат беру, адамның ең басты құндылығы оның бостандығы екендігін түсіндіру, оқушыларға адамзаттық құқықтары мен бас бостандықтарын қорғауы туралы үйрету түсіндірме жұмыстарын жүргізу. Оқушылар арасындағы психологиялық ахуалды бақылауда ұстау.



Қортынды: Миға шабуыл сұрақ-жауап барысында «Буллинг дегеніміз не?», «Кибербуллинг терминін қалай түсінесіздер?» деген сұрақтарға жауап алу арқылы оқушылардың ойын білдік. Осы бағытта психологы: Бердалиева.Б.Р 8-сынып оқушыларына мектепшілік зорлық-зомбылықтың алдын алу, буллинг туралы ақпараттарын кеңейтуге арналған «Буллинг және оның алдын алу» тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Оқушылар тренингке белсенділікпен қатысып, ризашылықтарын білдірді. Мектеп оқушыларын ізгілікке бастайтын шара алдағы уақытта да жалғасын таппак.

Хаттама

Тақырыбы: «Өз көңіл күйіңе ықпал ет, оны жақсарт

Қатысқанда: 3 оқушы

Барлығы : 3 оқушы

Күн тәртібіне: « Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу»бағдарламасы бойынша сауалнама алынып 10- сынып оқушылары ақпараттану.

Тыңдалды: Мектеп психологы Б.Р.бердалиева оқушыларға бойынша кәметке толмағандар арасындағы суицидтердің алдын алу байланысты бағдарламаның. Енгізілген және бағдарламаның себептері мен мақсаттары туралы түсініктеме беріп, жасөспірімдерге өздерін әр түрлі жағдайларда өз сезімдерін сезіне білу және не ойлайтындарына, не істейтіндеріне сезімінің тигізетін әсерін түсінуді осы үш дәрісі арқылы үйреніп білетіндері жайлы айттып өтті.

Психолог бұл бағдарламаның мектепте қалай іске асырлатылатынын түсіндірді: келесі бірнеше аптаның ішінде мен сіздерге тағы да екі рет дәріспен ораламын және де мына брошюрадағы материалды өтетін боламыз. Барлық қамтылған материалдарды талқылайтын боламыз. Сонымен қатар мына қабырғада ілулі тұрған плакаттарға көңіл аударғандарыңызды қалаймын. Осы плакаттарда брошюрадағы мағлұматтар қысқаша түрде берілген.

Дәріс алдында психолог дәрістері барысында басшылыққа алынуы тиіс ережелер жайлы айты, слайдты көрсетіп, құқықтар тізімін нақтылап кетік.

Психолог бүгінгі алғашқы тақырыпты ұсынып «Психикалық денсаулық » дегенде естігенде кезде, ойыңызға не келеді? деген сұрақтан юасталды.

Амангельдиева Жансайя: Психикалық денсаулық дегеніміз ол адамның өзінің ішкі жан дүниесі мен эмоциялары.

Исабеков Темірлан: Психикалық денсаулық деген ол адамның бойындағы мазасыздық.

Рысбай Саят. Психикалық денсаулық ол бірдені уайымдау, қайғыру.



Қортынды: дәріс барысында оқушылар психикалық денсаулықтың маңызы, өзіне, өзгеге көмек беру, үрей, стресс, депрессия, дағдарыс жайлы түсінік беріліп, қиын жағдай кезінде кімдерден көмек алу керектігі жөнінде ақпараттар беріліп, соңғы дәрісте пікірлесу жүргізілді. Оқушылар өз ойымен бөлісіп жақсы әсер алып шықтық сұрақтарға толықтай жауап берді.